

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы N 803 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 қыркүйектегі N 850 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандығы
№ 129 қаулысымен

Ескерту. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 129 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне, ішкі істер, қаржы полициясы, өртке қарсы қызмет, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдарын есептеудің, бір жолғы жәрдемақылар тағайындау мен оны төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы N 803 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 29, 255-құжат) мынадай тоғызу енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әскери
қызметшілеріне, ішкі істер, қаржы полициясы, өртке қарсы қызмет, Әділет
министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қызметкерлеріне еңбек
сіңірген жылдарын есептеудің, бір жолғы жәрдемақылар тағайындау мен оны
төлеудің ережесіндегі

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай мазмундағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Қызметі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының

Прем'єр-Міністрi

K. Məcimov